

**«Бірлік орта мектебі» мкм-де жаратылыстану пәндер бойынша
2023-2024 оқу жылында жылдық бойынша
атқарған жұмыстары туралы
Х а б а р л а м а**

Жаратылыстану пән бірлестігінің өзекті мәселесі: «Сабақта жаңа технологияны пайдалана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, нәтижеге бағытталған білім беру.

Жаратылыстану пән бірлестігінде 14 педагог бар. Математика пәні бойынша-5, биология- 3, химия-1, география -1, информатика -3, физика - 1 .

Математика пәнінің мұғалімі Есжанова Аманкуль 2023 жылдың қыркүйек айында 6 сыныптар арасында өткен ” Алтын сақа“ мектепшілік пән олимпиадасына қатысып Русланқызы Кәусар , Таиров Рамазан , Аршынұлы Заңғар ауданға жолдама алды. Сонымен қатар 9 сыныптар **VILIMCENTER.KZ.** тест тапсырды. 9^ә сыныптар бойынша нәтижесі 32% , 9^а сынып бойынша 51% көрсеткіш көрсетті.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай « пәндік олимпиадасының аудандық кезеніне қатысып, 6 сынып оқушысы Русланқызы Кәусар математика пәні бойынша 1-дәрежелі дипломмен ,Қалас Диана 2- дәрежелі дипломмен, 9- сынып оқушысы Ғаниұлы Мадияр математика пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж. « Алтын сақа» математикалық олимпиадасына 6-сынып оқушылары Русланқызы Кәусар , Қалас Диана аудандық кезеңге қатысып, қатысқаны үшін грамотамен марапатталды..

Мектепшілік пән олимпиадасынан Мейрамбекұлы Рамазан қатысып, аудандық пәндік олимпиадасына жолдама алып , қатысып сертификат алды.

Математика пәнінің мұғалімі Сейтқұл Айжан 2023 жылдың 30 –қыркүйекте 5-6 сыныптарға арналған Республикалық «Алтын сақа» математикалық мектепшілік олимпиадаға 5 «ә» сыныбының 4 оқушысы қатысып, нәтижесінде Нұркен Әділет озып шығып, аудандық кезеңге жолдама алды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеніне қатысып, 5 сынып оқушылары Нұркен Әділет, Мейрамбек Абылай математика пәні бойынша 2-ші дәрежелі дипломмен , 7а сынып оқушылары Мейліс Құралай, Серік Жұлдызай 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж

«Алтын сақа» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде 5ә-сынып оқушысы Нұркен Әділет қатысып 3-ші орынды иеленді.

Жаратылыстану пәндері бірлестігінің 2024 жылы 16-26 қаңтар аралығында өткізген “Әлемнің ғажайып үш тірегі” атты онкүндігінде 5 «ә» сыныбында «Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру» тақырыбында үлгілі сабақ және 7-8 сыныптар арасында сыныптан тыс «Ой мен ойын» сайыс сабақ өткізді. 3 мамыр 2024 жылы «Цифрлық технологияларды қолдану тиімділігі» ғылыми-тәжірибелік семинарына қатысып, тәжірибе алмасып келді.

Математика пәнінің мұғалімі Усенова Толқын 2023 жылдың 30 –қыркүйекте 5-6 сыныптарға арналған Республикалық «Алтын сақа» математикалық мектепшілік олимпиадаға 5 «а» сыныбының 5 оқушысы қатысып, нәтижесінде Исағұл Бекнар және Қанат Айбике озып шығып, аудандық кезеңге жолдама алды. 26-30 қыркүйек күндері өткен «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы ұйымдастырған «Кенгуру» ойын конкурсына 5а сынып білім алушы Исағұл Бекнар қатысып , сертификат алды. 10 сынып білім алушылары Жұлдызқызы Аружан мен Қыдыркелді Жан қатысып, 3- дәрежелі дипломмен марапатталды. 20- қазан күні 10-11 сыныптарға арналған «Алтын түлек » математикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді . 10 сынып білім алушылардан 4 білім алушы қатысып ,екі білім алушы Жұлдызқызы Аружан мен Қыдыркелді Жан өңірлік кезеңге жолдама алды.

27 –қазан күні математика пәні мұғалімдеріне «Алтын сақа», «Алтын түлек», «Алтын тұғыр» олимпиадасына байланысты облыстық семинар – тренингке қатысып, тәжірибе алмасты.

2023 жылдың 17 –қарашада 5-6 сыныптарға арналған Республикалық «Алтын сақа» математикалық аудандық олимпиадаға 5 «а» сыныбынан Исағұл Бекнар мен Қанат Айбике қатысып,нәтижесінде ҚанатАйбике қатысқаны үшін грамотамен, Исағұл Бекнар I орынды иеленіп, облысқа жолдама алды.

1-желтоқсан күні 10-11 сыныптарға арналған «Алтын түлек » математикалық олимпиаданың өңірлік кезеңіне 10 сынып білім алушылары қатысып, Жұлдызқызы Аружан 2-орын , Қыдыркелді Жан қатысқаны үшін грамотамен марапатталды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңіне 11а сынып оқушысы Ерназқызы Шалқар математика пәнінен қатысты. жаратылыстану пәндері бірлестігінің 2024 жылы 16-26 қаңтар аралығында өткізген “Әлемнің ғажайып үш тірегі” атты онкүндігінде 22.01. күні алгебра және анализ бастамалары пәнінен 10 «ә» сыныпта «Туынды табу ережелері» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді. 23.01.2024ж. күні математика пәнінің мұғалімі Есжанова Алма мен Усенова Толқын 9-10 сыныптар арасында сыныптан тыс «Математикалық сайыс» зияткерлік сайысын өткізді. 19-20 наурыз күндері Қонаев қаласында «Балдәурен» демалыс орталығында өткен «Евклид олимпиадасына » қатысып, сертификат алды.

Мектепшілік қоғамдық жұмыстарға белсенді ат салысқаны үшін «Алғыс хатпен» марапатталды.

Математика пәнінің мұғалімі Ноғайбай Анас 26-30 қазан аралығында өткен Республикалық «Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсына 8 «А» сыныптан 5 оқушы қатысып. Русланұлы Аслан - I дәрежелі дипломмен, Қали Айзере, Мұхитқызы Айғаным, Айдарқұл Нұрай, Ыбраш Назерке - II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеніне қатысып, математика пәні бойынша: 8а сынып оқушысы Қали Айзере II-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жаратылыстану пәндері бірлестігінің 2024 жылы 16-26 қаңтар аралығында өткізген “Әлемнің ғажайып үш тірегі” атты онкүндігінде 23.01.2024 күні « $y = a(x - m)^2 + n, a \neq 0$, түріндегі квадраттық функция» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Жас мамандарға арналған «**Мен тандаған мамандық**» атты өткізілген аудандық семинарда үлгілі сабақ көрсетіп белсенділік танытқан үшін «Мадақтама қағазбен» марапатталды.

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен 2024 жылы 26-30 сәуір аралығында өткізілген «Кенгуру» математикалық ойын-конкурсына білім алушыларды қатыстырды. 8«а» білім алушылары, Қали Айзере, Айдарқұл Нұрай, Жасасынқызы Ақпейіл, Төлепбергенқызы Үміт, Ыбраш Назерке, Русланұлы Аслан, Ғазизұлы Ақнұр- II дәрежелі дипломдарымен марапатталды. Мектепшілік «Жас маман» байқауына қатысып жүлделі I орынды иеленіп, ауданға қатысуға жолдама алды.

Физика пәнінің мұғалімі Богумбаева Гулмайра «Тағылым» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналына «Қысым» тақырыбында сабағы жарияланды.

26-30 қазан аралығында өткен Республикалық «Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсына 8 «А» сыныптан 2 оқушы Жасқайрат Ақерке, Жасасынқызы Ақпейіл қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеніне қатысып, физика пәні бойынша: 8а сынып оқушысы Жасасынқызы Ақпейіл және 10а сынып оқушысы Қыдыркелді Жан 3-дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңіне 10а сынып оқушысы Қыдыркелді Жан физика пәнінен қатысып ІІІ орын алды.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасына физика пәні бойынша Ералы Толқын қатыстып ІІІ орын алды (І-кезең)
Жаратылыстану пәндері бірлестігінің 2024 жылы 16-26 қаңтар аралығында өткізген “Әлемнің ғажайып үш тірегі” атты онкүндігінде 19 қаңтар күні 9”А” сыныбында күнтізбелік-тақырыптық жоспары бойынша “физика” пәнінен «Тербелмелі қозғалыс» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.
Аудандық КҒА –на физика пәнінен 8 сынып оқушысы Жасасынқызы Ақпейіл қатысып , І дәрежелі дипломмен марапатталды. КҒА –нан Богумбаева Г. «Алғыс хатпен» марапатталды. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен 2024жылы 26-30 сәуір аралығында өткізілген «Кенгуру» математикалық ойын-конкурсына білім алушыларды қатыстырды. 8«а» білім алушылары, Қыдырбай Аяжан және Қайырғали Батырхан, ІІ дәрежелі дипломдарымен марапатталды. 14- мамыр күні аудандық «Жылдың үздік мұғалімі – 2024» байқауына қатысып, «Үздік сабақ» номинация иегері атанып, дипломмен марапатталды.

Информатика пәнінің мұғалімі Үркінбаева Гулзира «Ұлағат » дамушы ұстаздар орталығы ұйымдастырған «Жаңа заманға – жаңашыл педагог» атты республикалық тәжірибелік семинар – тренингке қатысып , біліктілігін арттырды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, Мұхтар Айсезім информатика пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңіне 9 сынып оқушысы Ғайниұлы Мадияр информатика пәнінен қатысып жүлделі І орынды иеленіп, облысқа жолдама алды.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасына информатика пәні бойынша Ғайниұлы Мадияр қатысты.

19-қаңтар күні информатика пәнінен 6-7-сыныптар арасында «Қызықты информатика» тақырыбында интеллектуалды сайыс сабақ өткізді.

24 қаңтар күні 5 «Ә» сыныбында информатика пәні бойынша «Гироскопиялық датчик» тақырыбында үлгілі сабағын өткізді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының облыстық кезеңіне 9 сынып оқушысы Ғайниұлы Мадияр информатика пәнінен қатысып, жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Алматы облысы, Қонаев қаласы, «Орта мектеп-гимназиясы» КММ-да 01.03.2024 күні өткен «Мектеп пен балабақшадағы кәсіптік оқыту мәселелері: жаңаша көзқарас пен парадигмалар» тақырыбында облыстық семинарына қатысып, тәжірибе алмасты.

Информатика пәнінің мұғалімі Қайырғали Дария 10ә сынып оқушысы Ердана Айым аудандық ғылыми жұмысқа «Мобиология» тақырыбында ғылыми жобасын қорғап, 2 орынды иеленді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне 7а сынып оқушыларынан Мейліс Құралай, Әлімқызы Мақпал информатика пәні бойынша қатысып 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасына информатика пәні бойынша 9-сынып оқушысы Сағынбек Қуанжан қатысты. 2024 ж. 25-қаңтар күні информатика пәнінен **10-сыныпта** «Сайттың қарапайым алғашқы бетін құру» тақырыбында **үлгілі** сабақ өткізді. 26.01.24ж. күні сыныптан тыс өткізілді. Тақырыбы: «КиноTime». Сыныптан тыс сабақ сайыс түрінде өтті. Сайысқа 9,10,11 сыныптар қатысты. 24.02.24ж күні аудандық «Информатика оқытуда ғылыми жаратылыстану сауаттылық құзіреттіліктерін қалыптастыру жолдары» тақырыбында өткізілген семинарға қатысып, тәжірибе алмасты. 09.02.24ж. күні Қонаев қаласында :«Информатика пәні бойынша педагогтердің күнделікті сабақты жоспарлауы» тақырыбында семинар өтті. Мақсаты: Информатика пәнінің педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету.

22.02.24ж. «Үздік сандық ресурстар» байқауына қатысқан «Заманауи фотожанр - Мобилография» тақырыбын қорғап, 10а Ерданақызы Айым облысқа жолдама алды. Жалпы орта білім беру мекемелерінің оқушылары арасында 01.04.2024ж. күні «GRAPHIC DESIGN» облыстық сырттай байқауына қатысуға өтінімге 10ә сыныптарына Ақжолқызы Ж.Ерданақызы А. 7а сынып оқушысы Меліс Қ. жіберілді. Осы аталған оқушыларға алғыс хат беріліп, 10 сынып оқушысы Ашимжан Т. II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балқаш ауданы бойынша аудан мектептерінің оқушылары арасындағы «QONAEV NEW INNOVATION» ақпараттық технологиялар бойынша

облыстық жастар ІТ-фестиваліне қатысқан 10сынып оқушысы Ашимжан Талант марапатталды.

География пәнінің мұғалімі Ибрагимова Бахыткул 8а сынып оқушысы Тілепбергенова Үміт аудандық пән олимпиадаға қатысып, 3 орынды иеленді.

24.11.2023ж. Топар ауылында өткен «Кәсіби құзыреттілік-білім саласының арттырудың негізі» тақырыбында аудандық семинарға қатысып, тәжірибе алмасты.

Балқаш аудандық білім бөлімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2023ж

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай « пәндік олимпиадасының аудандық кезеніне қатысып, Серікқызы Мейірім география пәні бойынша 1-дәрежелі дипломмен, Мұхтарқызы Айсезім география пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж.

04.03.2024 күні «Ұлттық құндылықтар – ұлттық қазына» атты тақырыпта облыстық форумға қатысты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі "Ұлағат" педагогикалық біліктілігін арттыру орталығы. Сертификат "Қысқа мерзімді сабақ жоспарын тиімді жоспарлаудың жолдары мен ерекшеліктері"-80 сағат академиялық сағатын оқып біліктілігін арттырды

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі "Өрлеу" педагогикалық біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы. Сертификат – "Жаһандық құзыреттіліктер"- 80 академиялық сағатын оқып . біліктілігін арттырды

Биология пәнінің мұғалімі Қыдырбай Біржан 2023 жылдың 12- қазан күні ауданда өткен «АИТВ жұқпасының алдын алу туралы» дөңгелек үстелге қатысты.

Биология пәнінің мұғалімі Оспанова Айнұр 2023 жылдың 15 –қыркүйекте «Экология» тақырыбында облыстық семинарға қатысып, тәжірибе алмасты.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеніне қатысып, Әбілхан Аружан биология пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңіне 10 сынып оқушысы Бақытжанқызы Арна биология пәнінен қатысты.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасына биология пәні бойынша Бақытжанқызы Арна қатысты.

Биология пәнінен 8 сынып оқушысы Русланұлы Аслан аудандық пән олимпиадаға қатысып, 1 орынға ие болып, облысқа жолдама алды. Аудан көлемінде семинарда іс-тәжірибесін таратып келді. Миялы ауылында «Қарағаш орта мектебінде» 9 сыныпқа «Жердегі тіршіліктің қалыптасу кезеңдері» тақырыбында шебер сабақ өткізді. Облыстық семинарда 11 сыныппен «Экологиялық пирамидалар» тақырыбында шебер сабақ өткізді.

Химия пәнінің мұғалімі Жортинбаева Фәриде 06.11.23 ж. күні 11 «а» сынып оқушыларымен «Ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы» тақырыбы бойынша үлгілі сабақ өткізді. 22.11.23ж күні Республикалық «Абай» олимпиадасына 9 «а» сынып оқушысы Жансейіт Жібек химия пәні бойынша қатысып, III – дәрежелі дипломымен марапатталды.

Химия пәнінен 9 сынып оқушысы Жансейіт Жібек аудандық пән олимпиадасына қатысып, 3 орынды иеленді. 29.04 күні химия пәнінен «Қазақстанда қара және түсті металдарды және олардың құймаларын атау» тақырыбында 10 «ә» сынып оқушыларымен үлгілі сабақ өткізді. 30.04 күні «Химия таңғажайыптары» тақырыбында, үзілісті тиімді қолдануда зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жұмыс бойынша сұрақтарға белсене қатысқан 10 «а» сынып оқушылары Серік Құралай мен Назым марапатталды.

06.05.24 ж күні «Жаратылыстану пәндері бойынша, озық технологияларды пайдалану арқылы тапсырмалар түрлерін құру жолдары» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингтің негізгі мақсаты ұстаздардың заманауи платформаларда тапсырмаларды оңай әрі жылдам құру жолдарын үйрету, оны тиімді қолдану жақтарымен таныстыру. Коучингтің екінші кезеңінде ұстаздар арасында бірлескен жұмысты практикада қолданып, нәтижесіне бірге қол жеткізу көрсетілді.

Бірлестік жетекшісі: Усенова Т.З.